


ӘСКЕРИ МЕМУАРЛАР

Екі мәрте Совет Одағының Батыры,
Совет Одағының Маршалы
К. К. РОКОССОВСКИЙ

9 (47)27 +
P62

СОЛДАТ ПАРЫЗЫ



АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1983

P2—68.49(2)9

P62

Аударған Хамит МАДАНОВ

Рокоссовский К. К.

Р 62 Солдат парызы: Әскери мемуарлар (Аударған)
Х. Маданов.— Алматы: Жалын, 1983.— 360 бет.


Автор өзінің естеліктерін соғыстың алдындағы жылда бастап, фашистік Германияның талқандалуы туралы тараула аяқтайды. Оқушы кітаптан срасан зор көлемдегі соғыс операциясының қалай жоспарланып іске асырылғанын, Ставка мен ма арасындағы тығыз байланыстың қалай қалыптасқанын көз көргендей әсер алады. Кітапта бұрын жарияланбаған материалдар да пайдаланылған.

P2—68. 49

P $\frac{70803-20}{408(05)83}$ 21—83—4802010000

© Воениздат — 1980

© Қазақша аудармасы «Жалын» баспасы — 1983



ЕРТЕҢ — СОҒЫС

1940 жылдың көктемінде мен семьяммен бірге Сочиде болып қайттым. Осыдан кейін Қорғаныс халық комиссары маршал С. К. Тимошенко шақырған болатын. Ол шын жүректен жылы қабылдады.

Сол шақты — отызыншы жылдардың бас кезін — 3-атты әскер корпусын есіме алдым, сол тұста оған С. К. Тимошенко қолбасшылық еткен еді. Корпуста мен Ағылшын пролетариаты атындағы 7-Самара атты әскер дивизиясының командирі болғанмын. Корпус командирін біздер, атты әскерлер, тегіс құрметтейтін едік. Ол — ол ма, тіпті жүрегімізбен жақсы көретінбіз. Халық комиссарының жоғары қызметінде де ол адамдармен баз баяғы қарапайым қарым-қатынасын және жолдастық іштартуын сақтап қалыпты.

Семен Константинович маған 5-атты әскер корпусының командирлігіне қайтадан кірісуді ұсынды (мен 1936—1937 жылдардың өзінде осы қызметті атқарған едім). Украинаға ауыстырылатын боп, корпус әлі де жол үстінде еді, сондықтан халық комиссары мені уақытша Киев Айрықша әскери округінің қолбасшысы, армия генералы Г. К. Жуковтың қарамағына жіберді. Мен Бессарабияға азаттық жорығына аттанып шыққан әскерлерді тексеруге көмектесуге тиісті болдым. Халық комиссары бұл жөнінде менің көзімше округ қолбасшысына телефон соқты.

Мен округ қолбасшысының басшылығымен жұмыс істейтін генералдар тобына қосылдым. Біз барлық уақытымызды бөлімдерде өткізіп жүрдік. Генерал Жуковтың тапсырмалары қызғылықты еді және олар әскерлеріміздің әлсіз жақтары мен күшті жақтарын анықтауыма мүм-

кіндік берді. Бірақ біздің Украинада аз уақыт қана істес болуымызға тура келді. Георгий Константинович Жуков Бас штабтың бастығы болып Москваға жүріп кетті де, мен Бессарабиядан қайтып келіп, корпус командирі қызметін атқаруға кірістім.

Азат ету жорығы күндерінде алған тәжірибе өте пайдалы болды. Біз, командирлер, әскерлердің жауынгерлік әзірлігін ұйымдастырғанда сол тәжірибеге сүйенуге ұмтылатын едік.

Қырқыншы жылдардың аяғында мен жаңа қызметке тағайындалып, 9-механикаландырылған корпусстың командирі болдым, ал корпуссты жарақтау әлі аяқталмағанды. Мұның өзі мүлде мен күтпеген оқиға. Өйткені атты әскерде жиырма жеті жыл болған едім. Әскери қызметімді 1914 жылы августта ескі орыс армиясының 5-Каргаполь драгун полкінде бастағанмын. Бүкіл бірінші дүние жүзілік соғыста атты әскерде болдым. 1917 жылғы октябрьден кейін тағы да атты әскерде, Қызыл Армия қатарында болдым.

Қысқасы, мен әскердің осы түрімен біте қайнасып кеткен едім, оны сүйетімін. Осында — шайқастарда да, бейбіт кездерде де жақсы мектептерден өттім. Осында жүріп сатыдан сатыға көтеріліп, эскадрон командирінен корпус командиріне дейін өстім. Сеніммен жұмыс істедім, бұған атты әскерлер командиріне тән ерекше мінсз-құлықты жақсы түсінетіндігім жәрдемдесті.

Әскердің жаңа түріне қызметке ауысуымның — механикаландырылған әскерлерде корпус командирінің міндетін атқара аламын ба деп, қауіптендіргені табиғи нәрсе еді. Бірақ көрсетілген сенім және болашағы зор бронетанк құрамаларына деген ертеден пайда болған құштарлығым жігерлендіре түсті. Бәрі қосыла келіп, маған қанат бітірді де, «құмыра жасайтын құдай емес» деген мақалға иек артып, жаңа іске бүкіл күш-жігерімді жұмсай кірісіп кеттім, әлбетте, корпуссты жеделдетіп құруға тура келетінін түсінгенім.

Айта кеткен жөн, бірінші дүние жүзілік соғыстың өзінде-ақ атты әскер өзінің бұрынғы маңызын жоғалта бастағанды. Соғыс қимылдары майданында автоматты қарумен (пулеметтер), тез атылатын артиллериямен, танкілермен және авиациямен мол жабдықталған көп армиялар пайда болды. Тұтас майдандар құрылды. Жер қазып жасырынғап және тікенекті сымдармен бекінген әскерлер атты әскер қатарларының ойдағыдай қимылдауына мүм-

кіндік бермеді. Атты әскер жаяу әскермен бірге окопқа түсіріліп, ат, негізінен алғанда, көлік құралына айналды. Россиядағы азамат соғысы атты әскердің ролін аз уақытқа ғана қайта жаңадандырған-ды. Бұған ерекше жағдайлар, ең әуелі айқас алаңында біртұтас майдандардың жатпауы себеп болған еді. Әскердің неғұрлым тез жылжитын түрі ретінде ол кезде атты әскер зор маңызға ие болғанды. Бұған елімізде жылқы малы ресурсының әлі де біршама молдығы жағдай жасады. Байырғы атты әскер кадрларының болуы да әсер етті. Коммунистік партия көтерген: «Пролетарлар, атқа қоныңдар!» деген ұран тез жүзеге асырылды, сөйтіп, ішкі контрреволюция мен шетел интервенциясып талқандауға атты қызыл әскерлер елеулі үлес қосты.

Жылдар өте берді. Халық партияның қазіргі заманғы оперкәсіпті өркендетуде алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді қуып жету жөніндегі ұрашып жүзеге асырып жатты. Бесжылдықтар армияны неғұрлым жетілдірілген қару-жарақпен жарақтандыруға мүмкіндік жасады. Әскери ақыл-ой дамыды. Біздің әскери ғылым ірі капиталистік елдердің әскери ғылымымен салыстырғанда әлдеқайда ілгері басты. Ол кезде батыста Дуэ мен Фуллер теориялары сияқты теория кең тараған еді. Бұлардың бірінде соғыстың тағдырын өзі ғана шеше алады-мыс делінген авиация ролі жайында айтылса, екіншісі танк әскерлерінің мүмкіндіктерін дәріптейтін. Ал бізде танкілерге де, авиацияға да, артиллерияға да, жаяу әскерге де тиісті орын берілді, ал тұтас алғанда, Қарулы Күштерді әзірлеудің негізіне барлық әскер түрлерінің өзара қимыл бірлігі алынды, мұның өзі терең шайқас тактикасы дейтіннен көрінді, оның жасалуы М. Н. Тухачевский, В. К. Триандафилловтың есімдерімен байланысты еді.

Әрине, атты әскерге деген сенімін әлі де сақтап қалған, атты әскерді мейлінше жақтаушылар да болды, бірақ олар жағдайға әсер ете алмады. Бронетанк құрамалары нақ осы атты әскерді біраз қысқартудың себебінен құрыла бастады.

Отызыншы жылдардың екінші жартысының өзінде-ақ біздің Қарулы Күштеріміз оперативті қимылдар үшін құрылып, жасақталған механикаландырылған біраз корпусстарға ие болған еді.

Қызыл Армияның ұйымдық құрылымы мен әскерлердің жауынгерлік даярлығы социалистік мемлекет армиясының алдына қойылған міндеттерге толық сай келе-

тін еді. Барлық буындардағы командалық құрамының әзірлігі де тиісті дәрежесінде болатын. Оның үстіне командирлер мен саяси қызметкерлердің негізгі көпшілігінің бірінші дүние жүзілік соғыс пен азамат соғысында алған жауынгерлік тәжірибесі де бар еді. Біздің Қарулы Күштеріміз Советтік Отанымызға тиісуге тәуекел еткен кез келген жауға күйрете соққы бере алатын-ды.

Рас, отызыншы жылдардың аяғында елеулі кемшіліктер жіберілді. Біздің әскери кадрларымыз да зардап шекті, мұның өзі әскерлерді ұйымдастыру мен әзірлеуге әсер етпей қойған жоқ.

Фашистік Германияның Польшаға шабуыл жасап, көптеген солдаттар мен офицерлердің ерлік көрсеткеніне қарамастан, оның қарулы күштерін тез арада талқандауы және Франциядағы соғыс қимылдарының одан да төрі қайғылы нәтижесі қуатты бронетанк әскерлері мен моторлы әскерлер, сондай-ақ күшті авиация құрып алған Германияның қандай басымдылығы бар екенін дәлелден берді.

Сол кезден бастап бізде атты әскерді едәуір қысқартудың есебінен механикаландырылған корпустарды жеделдете құру қайтадан қолға алынды. Дұрыс көзқарастардың ақыры салтанат құрғанын және осы замандағы соғыста қорғау мен жеңіп шығу үшін сондай қажетті ірі-ірі танк және механикаландырылған құрамалардың өзімізде қайтадан ұйымдастырылып жатқанын көру де қуаныш еді. Осындай ұйымдастыру шаралары қызған кезде маған да кезек келген еді.

Сөйтіп, мен атты әскермен қоштасып, танкист болдым.

9-механикаландырылған корпус үш дивизиядан тұрушы еді. Бұлар полковник Н. В. Калинин басшылық еткен 131-моторлы атқыштар дивизиясы, генерал-майор Н. А. Новиковтың 35-танк дивизиясы және полковник М. Е. Катукон командир болған 20-танк дивизиясы еді (ескерте кетейін, командирдің науқастанып қалуына байланысты, соғыстың алғашқы күндерінде 20-ны ұрыстарда оның орынбасары полковник В. М. Черняев басқарып жүрді).

Корпусымыз тікелей Киев Айрықша әскери округіне бағынды.

Біздің көкейімізде: корпусты неғұрлым жауынгерлік әзірлікке тез келтірсек, халық пен партия алдындағы борышымызды соғұрлым жақсырақ орындаймыз деген бір ғана ой болды. Жасақтау процесінің өзінде-ақ бөлімшелердің, бөлімдердің және тұтас алғанда бүкіл құраманың

әскери әзірлігін жан-жақты өрістете жүргіздік. Өйткені толықтыруға келген адамдардың көбіне әліппеден бастап үйретуге тура келді. Корпус командирі ретінде менің бағыма қарай, ең жақын көмекшілерім білімді және жанқияр адамдар еді. Олар жауынгер мен командирлерге соғыста қажет болатын нәрсені үйрете білді. Олардың ішінен ең алдымен отыз тоғыз жастағы генерал-майор, штаб бастығы Алексей Гаврилович Масловты атап өткім келеді. Сол кезде айтылатындай, ол «академик» еді (яғни М. В. Фрунзе атындағы академияны бітірген-ді), корпус штабын жақсы ұстады және төменгі сатыдағы штабтарды жаттықтыруға біржола беріліп, оларды тәртіпке келтіріп және өз бетімен ойлап білуге үйретіп отырды. Маған оның стилі — талап қойғыштығы, бағынышты адамдардың ой-пікірі мен инициативасына сергек қарайтындығы, өз басының әскерлермен қарым-қатынас жасауға деген құштарлығы ұнайтын. Сондай-ақ корпусы болашақ сын сағаттарға әзірлеуде техникалық бөлім жөніндегі орынбасары полковник Внуков пен саяси орынбасары Каменев жолдастар маған үлкен көмек көрсетті.

Уақыт қысыл-таяң болатын. Батыста табысқа жетіп, масайраған фашистік Германия Балқандағы операцияларға кірісіп, бір елден кейін екіншісін бағындырып ала бастады. Біздің бәріміз, әскери адамдар, өзіміз тілемесек те, өз еліміздің де соғыстың дүлей иіріміне тартылатын сәті жақындап келе жатқанын сезінетін едік.

Ашығын айтқанда, біз Германияның Совет Одағымен жасасқан шартты қастерлеп сақтайтынына сене қойған жоқпыз. Оның бізге бәрібір шабуыл жасайтыны анық еді. Бірақ шарт бізге өз қорғанысымызды нығайтып алуымыз үшін уақыт ұтуға мүмкіндік берді, сонымен бірге империалистердің бірыңғай антисоветтік майдан құру жөніндегі үмітін үзді.

Бұл «кешеуілдетудің» қаншаға созылатынын бізге корпус жағдайында білу қиын еді. Алайда біз уақытты бос жібергеніміз жоқ. Бірінші кезекте командирлер мен штабтарды әзірлеуге назар аудардық. Байланыс құралдарымен, белгіленген әскерлермен командалық-штабтық, далалық жаттығулары, карта бетіндегі әскери ойындар өткізілді, кенеттен соғыс бола қалған жағдайда корпусың жүруі мүмкін деген маршруттары бойынша сапар жасалды. Барлық офицерлерге бөлімшелер мен бөлімдердің әбден толықтырылып болуын күтпей-ақ, оларды күнделікті жауынгерлік әзірлікке келтіруді қамтамасыз ету міндет-

телді. Оқушының көріп-білетініндей, соғыста менің 9-механикаландырылған корпусқа көп уақыт командир болуыма тура келген жоқ, бірақ менің бойымда оның офицерлеріне деген ризалық сезім сақталып қалды, өйткені олар өз командирін түсіпген еді, соғыстың жақындап қалуына байланысты жасалған біздің барлық шараларымыздың, қаншалықты қажет екенін мейлінше ұққан еді. Ол күндер ізсіз кеткен жоқ, оны біз қырық бірінші жылдың июнінде сездік. Менің тарапымнан командирлер құрамын тәрбиелеу жүйесіндегі ең басты ереже — олардың әрқайсысының дербестігін, батылдығы мен жүректілігін дамыту болатын. Осындай қасиеттері бар командир ғана шайқаста қойылатын талаптар деңгейінде болады.

Біз адамдардың күшіне сенім арта, күн сайын осыған жетіп отырдық. Ал корпусстың офицерлер коллективі бұған инициативамен, жанқиярлық жұмыспен жауап берді. Аса қырағы болу қажет еді.

Басқа корпусстардың да алдағы тосын жағдайларға қауіптен және мазасыздана әзірленіп жатқаны маған мәлім болатын.

1941 жылы майда Киев Айрықша әскери округінің жаңа қолбасшысы М. П. Кирпонос майдан көлемінде жаттығу сапарын өткізді. Оған біздің механикаландырылған корпус та қатысып, Ровно, Луцк, Ковель бағытында 5-жалпы әскер армиясымен қоян-қолтық қимыл жасады.

Жаттығуға шыққан сапар күндерінде мен шекара маңындағы корпусстың қимыл жасауы мүмкін болатын жерлерімен және басқа да сондай учаскелерімен таныстым. Бекіністі аудан құрылысы енді ғана өріс алған еді.

Үлкен саясат проблемаларына ол кезде де назар аударған жоқ едім, қазірде де оған тоқталмаймын, мен өзімді 1941 жылға дейін тактика, оперативтік өнер және стратегия саласында практикалық жауынгерлік тәжірибе мен білім жинақтаған командир ретінде пайымдаймын.

Тіпті әр түрлі деректердеп өзім танысуыма тура келген мардымсыз материалдардың өзінен-ақ неміс әскерлерінің Польша мен Франциядағы қимылдарынан кейбір қорытындылар жасауға болатын еді. Немістер терең шайқас жөніндегі теорияның кейбір тұжырымдарын басшылыққа алып жүрді. Олар шабуыл операцияларында танк құрамаларына, моторлы құрамаларға және бомбалаушы авиацияға жетекші роль жүктеді: жауын қысқа мерзім ішінде талқандау үшін барлық күшті тас түйін етіп бір бағытқа жұмылдырды; шабуылды киюласар бағыттар бойынша қар-

қынмен жүргізіп, сыналай кіріп, қуатты соққылар берді. Күтпеген жерден келіп шүйілуге ерекше мән берілді.

Сондықтан да біз сақадай сай тұруға тырыстық.

1921—1935 жылдары Приморье мен Забайкальеде қызмет еткен кездерімді еріксіз есіме алдым. Шекараның арғы бетіндегілер сәл-пәл белсене қимыл жасай бастаса немесе бөлімдерді жылжытса-ақ болғаны, біздің әскерлер «көршінің» кез келген әрекетін лайықты қарсы алуға үнемі әзір тұрды. Шекара аймағындағы құрамалар мен бөлімдердің бәрі әрқашан да сағатпен белгіленген жауынгерлік әзірлікте болатын. Басты күштерді жасыру мен қимылға келтірудің дәлме-дәл жасалған жоспары болды; ал ол сол өңірдегі жалпы жағдайдың өзгеруіне сәйкес өзгертіліп отырды.

Киев Айрықша әскери округінде, меніңше, нақ осы жетіспеді.

Округтік жаттығу сапары кезінің өзінде-ақ мен жоғары командалық құрамдағы бірсыпыра жолдастармен әңгімелестім. Бұлар генералдар И. И. Федюнинский, С. М. Кондрусев, Ф. В. Камков атқыштар механикаландырылған және атты әскер корпустарының командирлері болатын. Мен сияқты оларда да біз гитлерлік Германиямен соғысу қарсаңында тұрмыз деген пікір қалыптасқан екен. Бір жолы Ковельде Иван Иванович Федюнинскийдің үйіне қонып шықтым. Ол қонақжай адам екен. Әңгімеміз — баяғы бейқамдықтың көптігі жөнінде. Мәселен, округ штабынан жаудың басып кіру қаупі төніп тұрған сол кездегі жағдайға, тіпті үйлеспейтін жарлық келіп түсті. Онда әскерлерге артиллерияны шекара аймағындағы жаттығу аймағына жіберу бұйырылды. Бірақ біздің корпус артиллерияны жібермей ұстап қала алды. Барлық жаттығуларды өзіміздің тұрған жерімізде жасай алатынымызды дәлелдеп шықтық. Мұның кейін бізге үлкен септігі тиді. Өз құрамаларымыздың бірлесе қимылдауы жөнінде И. И. Федюнинскиймен сөз байластық, шайқасқа шығуға тура келген кезде қапы қалмау үшін не істеу керек екендігін тағы да пысықтап алдық.

Мобилизациялық документтердің әзірленуін үнемі қадағалап отырудан бастап, өзіміздің күшіміз келетін, өзіміздің хақымыз бар істердің бәрі істелді. Атап айтқанда, корпусқа тіркелген халық шаруашылығы автотранспортын тексеріп шықтық. Өкініштісі, бейбіт істермен шұғылданатын жолдастар оған тиісіше көңіл бөлмеген екен. (Бірден айтайын: 22 июньнен бастап шекараға таяу ай-

мақта қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты 9-механикаландырылған корпус мобилизациялау жоспары бойынша өзіне тіркелген машиналардың бір де біреуін алған жоқ; айта кетелік, мобилизация корпус жауынгерлік жорыққа кіріскен сәтте ғана жарияланды).

Ал ең мазасыздандырылған жағдай — май өтті, июнь орталап қалды, біз болсақ, жауынгерлік құрал-жабдықты ала алмадық. Жаттығу техникасы тозып, моторлар істен шығуға таяу болатын. Біздер, танкистер, соғыста, тіпті бірде-бір танкісіз қалармыз деген қауіпшен танкілердің жаттығу мақсатында пайдаланылуына шек қоюыма тура келді.

21 июньде мен корпусстың командалық-штабтық түнгі жаттығуына талдау жасадым. Жұмысты бітірген соң дивизия командирлерін демалыс күні таң алдында балық аулауға шақырдым. Бірақ шекара әскерлері тарапынан біздің штабтағы біреуге неміс армиясының, ұлты поляк, Познаньдық, бір ефрейторының заставаға сол жақтан қашып келіп, немістер Совет Одағына 22 июньде шабуыл жасайды деп, хабарлағаны айтылыпты.

Мен балық аулауға бармайтын болдым. Телефон арқылы дивизия командирлерімен сөйлесіп, оларға шекарадан алынған хабарды айттым. Біз өзіміз корпус штабында да сөйлестік. Бәрін сақадай сай ұстауға ұйғардық...

ШАЙҚАСТАР БАСТАЛДЫ

22 июньде таңертеңгі сағат төрт шамасында кезекші офицер маған 5-армияның штабынан айрықша құпия оперативтік пакет ашылсын деген, телефонограмма әкел берді.

Біздің оны тек СССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің немесе қорғаныс халық комиссарының жарлығы бойынша ғана ашуға еркіміз бар еді. Ал телефонограммаға армия штабы оперативтік бөлімі бастығының орынбасары қол қойған. Кезекшіге бұл хабардың дұрыстығын округтен, армиядан, Халық комиссариатынан анықтауды бұйырдым да, мен бұл жағдайда не істеу керектігі жөнінде ақылдаспақ болып, штаб бастығын, өзімнің саяси бөлім жөніндегі орынбасарымды және ерекше бөлім бастығын шақырып алдым.

Кезекші, ұзамай байланыстың бұзылғанын баяндады. Москва да, Киев те, Луцк те жауап бермейді.

Жауапкершілікті мойынға алып, пакетті ашуға тура келді.

Директивада корпусты дереу жауынгерлік әзірлікке келтіріп, Ровно, Луцк, Ковель бағытында қимылдау керектігі көрсетілген екен. Сағат төртте жауынгерлік дабыл қағуға, дивизия командирлері Новиковке, Калининге және Черняевке менің бақылау пунктіме келуге бұйрық бердім.

Әскерлер өз шеруін бастайтын тұсқа жинақталып жатқан кезде дивизия командирлеріне қимыл жасаудың бағыттары мен мезгілі жөнінде алдын ала жарлықтар берілді. Корпус штабы жалпы бұйрық әзірледі.

Барлық әзірлік тез қарқынмен, бірақ аптығусыз және бір қалыпты жоспарлы түрде жүргізілді. Әркім өз орнын біліп, өз ісін дәл орындады.

Тек материалдық жағынан қамтамасыз етуде ғана қиыншылықтар болды. Автомашиналар саны болмашы еді. Жанармай жетіспеді. Оқ-дәрі мөлшері аз. Нені қайдан алуға болатынын білуге жоғарыдан нұсқау күтуге уақыт жоқ. Орталық оқ-дәрі қоймалары мен гарнизондық автомобиль паркі жақын жерде еді. Қоймаларды ашуға бұйрық бердім. Көнбеген интенданттарды тиісінше сендірулер айтып, қолхаттар берумен көндірдік. Сірә, мен қолхатты дәл сол күнгідей ешқашан да көп жазбаған болармын.

А. Г. Маслов таң сәріден жоғары жақпен байланыс жасауға тырысты. Тек сағат онға қарай ғана ол әлдебір жолмен бірнеше минутқа Луцкіні алды. Армия штабындағы офицерлердің бірі қаланың екінші рет бомбаланып жатқанын, байланыстың үнемі үзіле беретінін, майдандағы жағдайдың оған да белгісіз екенін асығыс айтқан.

Осы мезгіл шамасында немістердің Киевті бомбалағаны туралы мәліметтер алып үлгірдік. Сөйткенше болмай байланыс қайтадан бұзылды.

Өзіміз тікелей бағынатын округ командованиясімен ешбір байланыс жасай алмадық. Одан бүкіл 22 июнь күші ешқандай жарлық болмады.

Сағат он бір шамасында біздің үстімізден өте биікте жиырмаға жуық неміс бомбардировщигі ұшып өтті. Оларды зениттік артиллерия атқылады.

Осы оқиғалардың бәрі өзімнің дұрыс істеп отырғаныма тағы да көзімді жеткізді. Мұның өзі жігерлендіре түсті, сөйтіп, мен әскерлердің әзірлігіне көңіл бөлдім.

Жанармай, оқ-дәрі, қала ішінде тәртіпті қамтамасыз

ету, әскер кеткеннен кейін қалатын әскери мүлікті күзету, офицерлердің семьяларына қамқорлық жасау, бөлімдердің әзірлігін тексеру, әскерлер құрамының митингілерін өткізу — осының бәрін санаулы сағатта істеп үлгеру керек еді. Ал сонымен бірге шайқас туралы да ойлауда едім. Әскер қатарында қызмет еткен ұзақ жылдар ішінде мен соғыс дегеннің не екенін әбден ұғышып-біліп алғанмын, сондықтан біздің шайқас көрмеген солдаттарымыз жорыққа шығып, ұрысқа араласқанда не болар деген ой орала берді.

Осы сәл ғана нәрседеп оқушы — жаңа ұрпақ өкілі — күтпеген жердеп басталған соғыстың алғашқы күні корпус командирінің ойына не оралғанын, бәлки, түсінер. Дабыл бойынша жорыққа шыққанда мен командирлер мен сержанттарға түсі күңгірт жағаға тағатын жолақшалар мен айырма белгілерін беруге тыйым салдым. Жауынгерлік қатарда командир көзге бірден түсетін болуы керек. Солдаттар оны көріп отыруға тиіс. Командирлердің өзі де оны өзгелердің көріп, оның іс-әрекетін қадағалап отыратынын, жан-тәнімен, ерік-жігермен оған еліктейтінін сезінуге тиіс.

22 июньде сағат он төртте корпус жалпы алғанда Новоград-Волынский, Ровно, Луцк бағытында үш маршрут бойынша қозғала бастады. Оң жақтағы автомобиль жолымен бір колонна болып 131-моторлы атқыштар дивизиясы жүрді. Оны жақсы жауынгер командир, бұрынғы атты әскер жауынгері, полковник Н. В. Калинин бастап келе жатты. Уақыт жағынан есептегенде бұл дивизия едәуір ілгері жүріп отырды. Калинин, рас, сапы тым көп болса да, өзінің жаяу әскерін автомашиналар мен танкілерге, салмағымен санаспай, сыйғанша отырғызып алды. Оған біз соңғы сәтте ғана аздаған жүк машиналарын бердік.

Ортада артқа қарай үшкірлене тәжірибелі танкист, генерал-майор Н. А. Новиковтың 35-танк дивизиясы, ал солға таман 20-танк дивизиясы келе жатты. Барлау жасалып, күзет ұйымдастырылды.

Дабыл қағылған сәттен бастап та, одан соңғы жорықта да өз авиациямызды әуеден көрген жоқпыз. Неміс самолеттері едәуір жиі көрініп отырды, бұлардың басым көпшілігі біздің тобемізден өте биікте ұшып өткен бомбардировщиктер еді, ал олардың жапында, пеліктен екені белгісіз, истребительдер болған жоқ.

Біз мұның сырын көп ұзамай-ақ, шекараға таяу өңірдегі аэродромдарға ешбір сақтық жасамай қаз-қатар ті-

ліп қоя салған, сол себепті бәрі бірден қирап қалған және өртеніп кеткен өз самолеттерімізді көргенде барып білдік.

Соғыс басталарда 9-механикаландырылған корпусның адам құрамы барынша толықтырылды деуге болатын еді. Әлі де қару-жарақ жетіспейтін, адамдардың әскери әзірлігі әлі аяқталмаған-ды. Бірақ қалыптасқан жағдайда осы құраммен де соғысуға болатын.

Өкініштісі сол, корпусның механикаландырылған корпус деген аты ғана бар еді. Жорық кезінде мен біздің ескіріп тозған Т-26, БТ-5 және аздаған БТ-7 сияқты машиналарымыздың ұзаққа созылған жауынгерлік қимылдарға төтеп бере алмайтынын түсініп, оларға күшіне қарайтынмын. Оны айтпағанның өзінде, бізде бұл танкілер штатта болуға тиісті танкілер санының үштен бірінен де аспайтын-ды. Ал екі танк дивизиясының жаяу әскерлерін көрсетіңіз, оларда тиісті машиналар болмады, ал моторлы дивизиялар болып есептелгендіктен, оларда арба да, ат та жоқ еді.

Алайда біз қиындықтарға қарамастан, жұдырықтай жұмылған күшімізбен жауға соққы бере отырып, солдаттық борышты адал орындауға қолдан келгенді жасадық. Алайда, өткенді еске алып, Бас штабтың нұсқауында егер соғыс жаңа жасақталу сатысында, техника мен транспортқа жетіспей жатқан сәтте киліксе, не істеу керектігі көрсетілмегендігін айта кетуіміз керек. Бұны есте ұмытуға болмайды. Нұсқауда кез келген әскери тапсырманы орындай алатын механикаландырылған, құрама туралы ғана айтылған.

Біз алғашқы күннен бастап-ақ қажетті түзетулер енгізуге мәжбүр болдық. Өмірдің өзі мәжбүр етті! Корпус әскерлерінің негізгі көпшілігі шын мәнінде, ат-көлігі жоқ жаяу әскер — бірінші күні 50 шақырым жер жүріп өтті. Мен үшін мұның өзі күні бүгінге дейін совет солдаттарының төзімділігі мен жанқиярлығының үлгісі. Бірақ адамдар әбден шаршап-шалдыққан-ды. Мен оларды осы жорықтың аяғында көрдім. Жаяу әскерлер өздерінің қару-жарақтарын басқа қол пулеметтері мен станокты пулеметтерді, 50 және 82-миллиметрлік минометтерді және олардың оқ дәрілерін алып жүруге мәжбүр болды. Ал күн шыжып тұрған ыстық болатын...

Жүріс қашықтығын 30—35 шақырымға дейін қысқартуға тура келді. Түнде Новиковпен және Черняевпен бірге бірінші күннің қорытындысын шығарып, пікір түйдік. Өзіміздің танк дивизиялары дейтіндерге жүрістің

жаңа тәртібін бердік. Бірінші эшелонда жаяу әскер десанттары бар танкілер мен артиллерияның бір бөлегі жүретін болды. Бұл қатардағылар бір шептен екінші шепке жаяу әскерден қара үзіп барып, оны күтіп алып отыратын болды. Әскерлер мен артиллерияның негізгі бөлігі көзделген дағдылы тәртіппен жүргізілді.

Машиналары болған моторлы-атқыштар дивизиясы 22 июньде кешке қарай Ровно ауданына жетіп, 100 шақырым жер жүріп өткеннен кейін сол жерде аялдады. Бұл уақытта корпус штабы барлық құрамалармен тұрақты байланыс орнатқан-ды, сондықтан жағдай абыржыта қойған жоқ.

23 июньде таңертең полковник Калинин хабар жіберіпті. Армия қолбасшысы М. И. Потапов оның дивизиясын уақытша өзіне бағындырып, оған Стырь өзеніне өтіп, осы өзеннің Жидичи, Луцк, Млынов учаскесіндегі шығыс жақ жағасын бойлай, күн батқанша қорғаныс құру және немістердің шығысқа қарай өңмеңдей өтуіне жол бермеу міндетін қойыпты. Мұның өзі корпус командирімен келісіп алмай істелген еді.

Осы хабардан және басқа да деректерден Луцк бағытындағы оқиғалардың жайы, көмескі болса да, аңғарылған-ды. Бәрінен бұрын белгілісі жаудың шекараны бұзып өтіп, ішкері қарай едәуір сұғынғаны айқын болды.

Корпустың негізгі күштері жорық тәртібін бұзбай, 23 июньде екі қанатта да барлауды күшейте отырып, белгіленген маршрутпен ілгері баса берді.

Калинин алда болғандықтан, біз 35-танк дивизиясының бағытымен өзіміздің командалық пунктімізді ілгерілететін болып ұйғардық. Маслов машинамен саперлер взводын алға жіберді. Ал біз жол-жөнекей генерал Новиков бөлімдерінің Ровнодан оңтүстікке қарай Горынь өзені арқылы өтуін қадағалау ниетімен жүріп кеттік.

Өткел дивизияны мезгілінде өткізуге қамтамасыз ете алмады. Түзету енгізіп, Гоща мекені жанындағы көпірді пайдалануға жарлық берілді. Одан соң біздің штаб ілгері кетті. Керек болар деп мен өзімізбен бірге 85 миллиметрлік зеңбіректер батареясын ала кеттім.

Кешке қарай Здолбуноводан шығысырақта, үш километрдей жердегі тоғай ішінен, бізге немістің бес танкісі мен жаяу әскерлі үш автомашинасы қарсы ұшырасты. Штаб шайқасқа әзірленді. Батарея тура көздеп атуға жарлық алып, әзірлене бастады. Немістер осының бәрін көрді де, шайқасқа шықпай, тездетіп орманға кіріп кетті.

Командалық пунктті сәл солтүстікке қарай жабдықтауға тура келді.

Жағдайды анықтап алып, соған байланысты қимыл жасау керек еді, әскерлерге аз да болса дем алуға және жеделдеткен жүрістен кейін өзін тәртіпке келтіруге мүмкіндік беру қажет болатын.

Біздің, сірә, алдымызда немесе бір жағымызда генералдар Н. В. Фекленко мен С. М. Кондрусевтің 19 және 22-механикаландырылған корпустарының бөлімдері болуға тиіс еді. Корпус штабының командирлері басқарған барлаушылар топтары оларды іздеуге кетті. Сол топтардың бірімен, өзінің үнемі мініп жүретін мотоциклімен корпус штабының бастығы да жүріп кетті. Нәтижесінде біз Кондрусевтің Ковель бағытында қимыл жасап, қазірдің өзінде Луцкінің солтүстігінде алдыңғы бөлімдерімен шайқасқа кіріскенін білдік. Фекленконың корпусы Дубноға беттеп барады екен.

Қайтып келген Маслов өзінің аз уақыт болса да майдан штабының* бастығы М. А. Пуркаевпен байланыс жасай алғанын баяндады. Ол корпусының 5-армияның қарамағына көшетінін, біздің Клевань, Олыка ауданына шоғырлануымыз керек екенін айтып үлгіріпті.

Біздің бөлімдер ілгерілей берді. Оларға Луцк — Ровно тас жолының бойымен шығысқа қарай шұбап бара жатқан адамдардың бейберекет тобы қарсы ұшырасты. Тас жол үстінен неміс самолеттері енді жиі ұша бастады. Олар әскерлер мен босқындарды бомбалады.

24 июньде 9-механикаландырылған корпус тиісті ауданға жетіп, шайқасқа кірісті.

131-моторлы дивизия Стырьдан өткен жаудың алдыңғы бөлімдерін өзеннің арғы бетіне қуып тастады да, Луцк және оның оңтүстігіндегі шепте шайқасып, немістердің шығыс жағалауға қайтадан өтпек болған әрекеттеріне тойтарыс берді.

35-танк дивизиясы Клеваньның оңтүстік-батысында шайқасты, оның алдында немістердің 13-танк дивизиясының бөлімдері тұрған еді.

20-танк дивизиясы 24 июньде таң алдында алдыңғы саптағы полкімен жеткен бойда немістердің 13-танк дивизиясының Олыка ауданындағы шепке орналасқан моторлы бөлімдеріне шабуыл жасап, оларды зор шығынға ұшы-

* Киев Айрықша әскер округі соғыстың алғашқы күндерінен бастап Оңтүстік-Батыс майдан болып қайта құрылғанды.

ратты, тұтқындар мен көп олжаны қолға түсірді. Сол күннің өзінде-ақ полковник Черняев пағыз жауынгерлік алғырлығы бар командир екенін көрсетті. Оның дивизиясы бекініп алғаннан кейін, жаудың үздіксіз келіп жатқан танк бөлімдерінің шабуылына күні бойы тойтарыс берді.

Корпустың командалық пункті Клевань ауданына орналасты. Келесі күні де дәл сондай көрініс болды — Луцк, Олыка, Клеваньнан оңтүстіктегі шепке немістің екі дивизиясына — танк және моторлы-жаяу әскер дивизияларына (14 және 13) қарсы табан тірескен қорғаныс шайқастары болды. Жау Ровно — Луцк жолын иемденуге, Луцкіні басып алуға ұмтылды. Біздің бөлімдер бұл әрекеттерге қаһармандықпен тойтарыс беріп жатты. Шайқас кешке қарай ғана толастай бастады. Немістер ол кезде түнде шабуыл жасамайтын еді. Күн батқан соң олар дем алуға тоқтайтын.

26 июньде армия қолбасшысы Потаповтың бұйрығы бойынша корпус Дубно бағытында қарсы соққы жасады. Біздің сол жағымызда нақ осы бағытпен 19, ал оң жағымызда 22-механикаландырылған корпусстар шабуыл бастады. Үш корпусстың қимылын біріктіру ешкімге де жүктелген жоқ. Олар өздері жеткен бойда-ақ шайқасқа бөлек-бөлек кірісті және күшті жаумен екі тәулік бойы айқасқан әскерлердің хал-жайы ескерілмеді, жауды кездестіру мүмкін болатын ауданның олардан қаншалықты қашықтықта екені де есепке алынбады.

Ол бір қиян-кескі ұрыс жүріп жатқан, аса ауыр күндер еді, ал күтпеген жайлар барлық жерден кездесіп отырды. Сол кезге қатысты майданнан түскен мына жарлыққа көңіл аударайық: «Жаудың сұғына кірген тобына қанаттан күйрете қарсы соққы берілсін, оны жойып, жағдай қалпына келтірілсін». 26 июньге қарай Житомир, Владимир-Волынь және Ровно бағытында неміс әскерлері өзінің басты соққысын берген бағытта қалыптасқан жағдай жөнінде айтпағанның өзінде, аталмыш учаскедегі жағдаймен бұл жарлық үйлестірілген бе еді? Жоқ үйлестірілмеген еді. Маған майдан қолбасшысы мен оның штабы бұл жарлығында жағдайды толық біле алмай отырған Бас штабтың директивасын жай ғана қайталап отырғандай әсер қалдырды. Меніңше, жауапкершілікті өз мойнына алып, әскерлерге Бас штабтың директивасы алынған кезде қалыптасқан жағдайға сүйене отырып, міндет жүктеген дұрысырақ болатын еді.

Корпустар барған сайын тегеурінін күшейте түскен жаумен ауыр шайқастарын жалғастыра берді. Жау болса, осы жерде әрекет жасап жатқан танк және моторлы күштерінен басқа жаяу әскер дивизияларын да шайқасқа сала бастады.

Көршілермен байланыс жиі-жиі үзіліп қалып отырды. 22-механикаландырылған корпустың өзінің де жаудың үлкен күштермен жасаған шабуылынан шығысқа ұшырап, Луцкіден солтүстік шығысқа ығыстырылып тасталғанын біле алдық. Шайқас басталған бойда-ақ генерал Кондрусев қаза тауып, қолбасшылықты штаб бастығы В. С. Тамручи қолға алыпты. Сол жағымыздағы көршіміз — 19-корпус шабуылға шығуға әрекет жасаған кезде оған да Дубно ауданынан шабуыл жасап, оны Ровноға қарай ығыстырып тастапты, ол сол жерде қорғаныс шайқасын жүргізіп жатыр екен.

Кешке біздің командалық пунктiмізге 22-механикаландырылған корпустың танк дивизиясының командирі келді, көңіл хошы болмай, екі иіні түсіп кеткен, қолы дөкемен таңылған. Оның өз халін баяндауының сарыны мені тым қатты кетуіме мәжбүр етті:

— Корпустың құрығандығы туралы ділмарсынуыңызды дереу тоқтатыңыз! Жиырма екінші шайқасып жатыр, мен жаңа ғана Тамручимен сөйлестім. Барыңыз да, өз бөлімдеріңізді тауып алыңыз, соларға қосылыңыз...

Штабтың бір топ офицерлерімен бірге 20-танк дивизиясы шайқасып жатқан жердегі биікке шығып, біз Дубнодан Ровноға қарай бет алып бара жатқан жау автомашиналарының, танкілері мен артиллериясының орасан зор колонналарын байқадық. Ал оңтүстіктен біздің қорғаныс шебімізге қарай гитлершілердің жаңа колонналары ағылған үстіне ағылып жатты.

Танкілер жөніндегі осалдығымызды көріп отырған корпус командирінің қолынан бар келері — артиллерияға арқа сүйеу еді. Мен солай еттім де. Осынау шамадан тыс ауыр шайқастардың бір жарқын сәтін сүйсіне еске алмай кете алмаймын.

Тағы да қарсы соққы беру туралы бұйрық алынды. Алайда жаудың бізден басымдылығы сонша — мен жауапкершілікті өз мойныма алдым да, қарсы соққы бермей, жауды қорғаныста қарсы алмақшы болдым. Сол бір орманды, батпақты жерлерде немістер тек үлкен жолдармен ғана жүретін еді. Луцк — Ровно тас жолындағы өзіміз таңдап алған шепті Новиковтың дивизиясымен қалқалай

отырып, біз бұл шепке сол қанаттан 85 миллиметрлік жаңа зеңбіректермен жарақтандырылған артиллерия полкі бар 20-танк дивизиясын ауыстырып орналастырдық. Штаб бастығы ұйымдастырды да, Черняев маневрді әрі тез, әрі жігерлі түрде жүзеге асырды.

Зеңбіректерді тас жол жиегіндегі орларға, ал бір бөлегін тікелей жол үстіне қойдық. Немістер ромба тәрізді үлкен топ болып жылжып келе жатты. Алда мотоцикличестер, олардан кейін бронемашиналар мен танкілер.

Біз бақылау пунктінен 20-танк дивизиясына қарай жаудың қалың нөпірі қаптап келе жатқанын көріп тұрдық. Және олардың немен тынғанын да көрдік. Артиллеристер фашистерді жақындатып алды да, оқ жаудырды. Тас жолда сұмдық көрініс — мотоциклдер, бронемашиналардың сынықтары, өлгендердің денелері үйіліп қалды. Шабуыл әдетімен ілгерілей берді де біздің зеңбіректер үшін барған сайын жаңа нысанаға айнала берді.

Бұл жерде жау көп зиян шегіп, шегіндіріліп тасталды. Черняевтің әдемі, сәтті қимылдарын пайдаланған генерал Новиков ілгері жылжып, өзімізге қажетті биіктерді ала білді.

Н. В. Калинин корпус штабының тұтқынға түскен неміс полковнигінің маңызды жауабын жіберді, айта кетелік, ол жауап алғанда былай деді.

— Сіздердің артиллерияларыңыз ғажап және орыс солдаттарының рухы да жоғары...

Сол кездегі жағдаймен есептегенде біз жауды бір орнынан едәуір ұзақ уақыт жылжытпай қойдық. Біздің «өжеттігіміз» үшін өш алмай қоймайтыны анық еді, солай болып та шықты. Төбемізден «юнкерстер» көрінді. Самолеттер топ-топ болып ұшып, бізді аямай-ақ бомбалады, бірақ онысы нәтиже бермеді: солдаттар орманға жасырынып, зеңбіректер мен танкілер орларға қойылды.

Корпус командирі ретінде мені бәрінен де төрі майдандағы жағдай туралы хабарлардың болмауы қатты мазалады. Қоян-қолтық жүру сезімі солдатқа ғана керек емес. Ондай сезім, неғұрлым ауқымды түсінер болсақ, шайқасып жатқан әскерлердің жоғары командалық құрамына да қажет. Онсыз қаласаң да, қаламасаң да творчестволық ой өресіз болып шығады. Барлық хабарды өзіміз әрекет жасап алып отыруымызға тура келді. Генерал Маслов басқарған штаб қызметкерлері өзіміз душар болған жағдайға, тіпті кейде адам төзгісіз болып көрінген жағдайға тез көндігіп алды да, қажетті мәліметтермен бізді

қамтамасыз етіп отырды. Мұның өзі де арзанға түскен жоқ: штабтың көптеген офицерлері тапсырмаларды орындау үстінде қаза тапты.

Үздік-создық алынған хабарларға қарап, біздің бағытымызда не болып жатқанын азды-көпті біліп немесе аңғарып отырдық. Оңтүстік-Батыс майдандағы басқа армиялардың учаскелерінде істің қалай болып жатқанын біз білмедік. Сірә, генерал Потаповтың жағдайы жақсы болмаса керек. Мен 9-механикаландырылған корпусқа қолбасшылық еткен уақыттың ішінде оның штабы бұл жөнінен бізге бірде-бір рет көмектесе алмады. Оның үстіне, онымен байланыстың өзі де көбінесе бола берген жоқ.

Тұтқындардан жауап алу кезінде пайдалы деректерді біле алдық, ал ондай тұтқындар біздің дивизияларда сол кездің өзінде-ақ бірнеше жүз адам болатын — қолға немістің солдаттары да, офицерлері де түскен еді. Солардың ішінде Черняевтің артиллеристері ұстап алған полковник те болды. Қолға түскенде одан бағалы документтер мен карталар табылған еді. Олар бізге жағдайды жақсырақ білуге көмектесті.

Жағдай мәз емес еді. Немістер алдын ала шоғырландырылған ірі күштермен тұтқиылдан соққы беріп, біздің 5-және 6-армиялардың қанаттасар тұсынан бұзып өткен еді. Бұза-жарып өткен жерге танк құрамалары мен моторлы құрамалар кимелеп еніп кетті. Бұл әскерлер Житомир бағытында тез жылжуға тырысып, табыстарын өрістеті.

Жаудың басты соққысы бізден оңтүстікке таман жасалды. Луцк ауданындағы соғыс оқиғаларын баяндай отырып және өзіме сеніп тапсырылған әскерлердің ерлігі мен шебер қимылдарын мақтанып ете отырып, мен мынаны ашық айта аламын: егер біз жаудың басты соққы жасайтын бағытындағы күштерге душар болғанымызда, біздің жағдайымыздың қандай болатынын көзге елестету қиын еді.

Дегенмен де бізге оңай болған жоқ. 131-моторлы дивизияның командирі оның Стырь өзені шебінде қорғаныс құрған полктерін жаудың жаяу әскерлері мен танкілері ығыстырып, кең көлемді майдан құра отырып, өзенді кешіп өткенін жеткізді. Бұдан жау біз тұрған бағытта да күштерін ұлғайтып, бұл арада да неғұрлым қуатты танк күштерімен соққы беруге әзірлік жасалып жатыр деген қорытынды туатын еді.

Корпус дивизиялары сиреп те қалды. Бірақ тәжірибе-

сіз жауынгерлер мен командирлер сыннан өтті. Мұның маңызын жете бағаламауға болмайды. Олар «жапондарды соққанымыздай, немістерді де соғуға болатынына» өз тәжірибелері арқылы көз жеткізді. (бұл — 35-танк дивизиясының бір танкисі айтқан сөз; мен бұл арада жапондарды неге ауызға алғанын сұраған едім, сөйтсем, ол Халхин-Голді есіне алған екен). Қысқасы, адамдар қайратқа мінді.

Ауыр шайқастарда біз толықтырудың әдеттен тыс көзін таптық: ол кезде Клевань маңындағы ормандарда жүрген өз бөлімдерінен қол үзіп қалған жекелеген жауынгерлер де, топтар да көп еді; біз оларды жинап алып, жаяу әскер полктарымызға жіберіп отырдық: бұлардың көпшілігі кейін ұрыстарда өздерін өте жақсы жағынан көрсетті...

Немістер 9-механикаландырылған корпусқа қарсы жаңа күштерін төккен үстіне төге берді. Табан тірескен шайқастар 29 июньге дейін созылды. Жау Клевань бағытында Ровно — Луцк жолын басып ала алмады. Сондай-ақ ол жалпы 5-армияның қорғанысын бұзып өте алмады. Рас, жау қосымша күштер енгізу арқылы армияның оң қанатын Ковель, Луцк учаскесінде ығыстырып, Стырь өзенінен өте алған-ды. Бірақ бұл арқылы ол өзін біздің әскерлер тарапынан, яғни Житомирге қарай ұмтылған немістердің негізгі тобының солтүстік жағындағы қанатына 5-армия мен оған берілген механикаландырылған корпусстар тарапынан төнген қауіптен арыла алмады. Бұл қауіп жау командованиясын мықтап мазасыздандырды. Барған сайын күшейе түскен үздіксіз шабуылдардың жасалуы осыдан еді.

30 июньде біздің әскерлер үшін Житомир — Киев бағытында елеулі қиындықтар туды, осының салдарынан 5-армия бұрынғы бекіністі аудандар шебіне қарай шегіне бастады. Бізді ренжіткен нәрсе — бұрынғы бекіністі аудандардың халі жақсартылмады. Корпус құрамалары өң меңдеген жаудың шабуылдарына тойтарыс бере отырып «жылжымалы қорғаныс» әдісін қолданып, бір шептен екінші шепке ығыса берді.

Новоград-Волынск түбінде корпус жауды тойтарып тастап, Случь өзені бойында қорғаныс құрды, сөйтіп Житомирге баратын жолды бөгеді.

Немістің танк және моторлы құрамалары біздің ескіріп қалған Т-26 және БТ машиналарымызға қарағанда сапасы артық техникамен жарақтандырылған еді.

Жедеғабыл жорықтар мен он күндік шайқастардан кейін корпуста осы ескірген тапкілердің өзінен де бірен-сараны ғана қалған еді (маған мәлім болғандай, 19-және 22-механикаландырылған корпустардың да жағдайы мәз емес болатын). Материалдық жағынан жағдайдың осыншама пашар болғанына және шайқастарда шығынға ұшырағанына қарамастан, корпус одан әрі табандылықпен шайқаса берді.

Осы алғашқы шайқастарда дивизия командирлері полковник Н. В. Калинин, генерал Н. А. Новиков және полковник В. М. Черняев үлкен шеберлік көрсетті. Өте-өте күрделі жағдайда олар өздерінің қиын міндеттерін абыроймен атқарды. Терең білім, творчестволық инициатива, бағылдық, шайқастардың күрт өзгеріп отырған барысы қажет еткенде жауапкершілікті өз мойындарына жалтақтамай ала білу өз жемісін берген-ді. Корпус командиріне осындай тамаша офицерлермен жұмыс істеу жеңіл болды, «жеңіл» деген сөз ол күндер үшін айтуға болмайтын тәрізді көріпсе де солай еді.

Корпус Клевань ауданында шайқасып, немістердің тас жолды тартып алуына кедергі жасап жатқан кезімізде, бір сәтке жинала қалғанымыз есімде. Корпус командованиясі мен дивизия командирлері болып бұл соғыс басталғалы бәріміздің бірінші рет бас қосуымыз еді. Дос құшақтар айқасты. Сүйісіп жатырмыз. Тіріміз. Соғысып та жүрміз. Өкінішке орай 9-механикаландырылған корпустығы тамаша серіктеріміздің кейбіреуімен осы кездесу соңғы кездесу болды. Көп ұзамай Клевань түбіндегі ұрыстардан кейін тамаша офицер, полковник В. М. Черняевтен айрылды, ол ауыр жараланды. Оны Харьков госпиталына жеткізудің сәті түсті. Ол осында жараның асқынуынан қайтыс болды. Жауынгер достары оның жарқын бейнесін ұмытпайды.

Жаудың танк жағынан орасан басымдылығы да, әсіресе жау соққы жасап жатқан жерлерде, біздің жауынгерлік қатарларымызды еш кедергісіз бомбалаған авиацияны кең пайдалануы да корпустың қайсарлығын мұқалта алмады. Гитлершілдер бізді талқандай алмады. Жау, біздің әскерлерді бар болғаны ығыстыра түсті, соның өзінде зор шығынға ұшырап отырды.

Біз жаяу әскердің, артиллерияның және саны болмашы тапкілердің күшіл біріктіре отырып, олардың өзара қимылдарымен әдіс-айла жасап, жауға мүмкін болғанынша көбірек зиян келтіруге тырыстық. Луцк түбінде және

Новоград-Волынск түбінде болған барлық шайқастар кезінде біз мұны істей алдық та. Осы шайқастарда ерекше ерлік көрсеткендері үшін 9-механикаландырылған корпус дивизия командирлерінің бәрі, көптеген полк командирлері және басқа командирлермен саяси қызметкерлерге үкімет наградалары берілді. Біздің шаршап-шалдығуды білмейтін штаб бастығымыз да орден алды. Мен де төртінші Қызыл Ту орденімен наградталдым.

Немістер өздерінің Киевке қарай қозғалуын қамтамасыз етпекші болып, біздің корпусы солтүстік-шығысқа қарай ысырып тастауға тырысқан Новоград-Волынск түбіндегі шайқастар қызып жатқан кезде, Ставкадан жарлық келді. Мені Батыс майданға армия қолбасшысы етіп тағайындапты. Дегенімен Москваға жетуге бұйрық берілген.

Командованиені генерал А. Г. Масловқа өткізіп, 14 июльде машинамен Киевке жүріп кеттім. Түнде-ақ Киевте болдым. Әдетте мұндай уақытта халық ағылып жататын Крещатик қаңырап тұрды, тұнжырап, мүлгіген қараңғылық басқан.

Майданның командалық пунктін Днепрдің шығыс жағасынан, Броварыдан таптым. Москваға самолетпен таңертең ұшып кететін болып келісіп, түннің қалған уақытын штабта өткіздім.

Таңертең майдан қолбасшысы генерал-полковник М. П. Кирпоносқа барып жолықтым. Ол сыртқы сабырлылығын сақтауға тырысқанымен, едәуір қажып қалыпты. Мен қолбасшыға 5-армия өңіріндегі жағдайдың қандай екені жөнінде хабарлауды өз борышым деп санадым. Ол селқос тыңдады. Генерал штабқа телефон арқылы жарлық беріп жатқан кезде, маған баяндамамы бірнеше рет бөлуге тура келді. Әңгіме біресе бір, біресе екі дивизияның күшімен «батыл қарсы соққы жасау» жайында болып жатты. Менің аңғарғаным: ол жарлық бергенде әлгі дивизиялар қарсы шабуылға шыға ала ма, деп сұраған жоқ. Қолбасшы деректерді есепке алғысы келмейді екен деген әсерде қалдым.

Ал немістер Киевке қарай өңмеңдей ұмтылып, Оңтүстік-Батыс майдан әскерлерін қақ ортасынан жарып келе жатты. 6, 26-және 12-армиялардың қоршауда қалу қаупі туды.

15 июльде Батыс майданда да жағдай жақсы емес, немістер Смоленскіге жақындап қалды деген алдын ала мәліметтер алып, мен Киевтен жүріп кеттім.

Москваға бара жатып соғыс қарсаңында және соғыс-

тың алғашқы апталарында көріп, сезініп, білуге тура келгендердің бәрін еріксіз ой елегінен өткізумен болдым. Біздің солдаттардың бұрын-соңды болып көрмеген табандылығының сансыз көп мысалдары маған сол кездің өзінде-ақ мәлім болатын. Брест, Либава гарнизондары нағыз қаһармандық көрсетті. Біздің көптеген бөлімдеріміз бен құрамаларымыз шексіз батылдықты көрсетіп шайқасты. Дегенмен де біздің шекара бойындағы шайқаста ұтылғанымыз айқын еді. Ендігі жерде берекесі кеткен майданға бытыраңқы бөлімдер мен құрамалар әкелу арқылы емес, қайта жаудың қуатты соғыс машинасына төтеп беріп қана қоймай, сонымен қатар оған күйрете соққы бере де алатын күшті топтарды өз жеріміздің бір түпкірінде құру арқылы ғана жауды тоқтатуға болатын еді.

Жауды іркі, тоқтату міндеті бірінші кезекке қойылды. Мұның өзі бүкіл еліміз үшін айрықша маңызы бар мәселе еді.

Смоленск қорғаныс шайқасы қызып жатқан кез еді, оның шешуші соңғы кезеңіне қатысу құрметі менің үлесіме тиді.

ЯРЦЕВО БИІКТЕРІНДЕ

Сонымен, Москвада бірнеше сағат болдым. Ставка. Мұнда маған Ярцево түбінде жаудың ірі әуе десантын түсіру нәтижесінде Смоленск бағытында «бос кеңістік пайда болғаны» айтылды. Міндет: бұл бағытта тосқауыл құрып, немістердің Вязьма жаққа қарай жылжуына жол бермеу.

Ставка мен Батыс майдан командованиясінің Днепр шебінің маңызын ескере отырып, Ярцево ауданында құрамында екі-үш танк дивизиясы мен бір атқыштар дивизиясы бар жылжымалы күшті топ құруды жоспарлағанын білдім. Ол топтың 16-және 20-армиялардың бөлімдері қолдаған белсенді шабуыл қимылдары оперативті жағдайдың күрт жақсаруына жеткізіп, Смоленскіні ұстап тұруға мүмкіндік береді деп жорамалданды. Ал мені осы топтың басшысы етіп қойған еді. Менің қарамағыма қандай әскерлер және қайдан бөлінеді деген сұрағыма бірнеше дивизия мен полктар аталды. Москвадан Ярцевоға бара жатқан жолда кездескеннің бәрін өзімнің қол астыма алуға рұқсат етті.

Неғұрлым нақты нұсқауларды мен майдан қолбасшысынан алуға тиісті едім.

Бас штаб менің қарамағыма төрт-төрттен зениттік пулеметтері және оларды ататын тиісті атқыштары бар екі автомашина, радиостанция және шағын командирлер тобын болді.

Сол күні кешке қарай-ақ жаңа «құрама» майданға келіп жетті.

Маршал С. К. Тимошенконың командалық пункті Каснаға орналасыпты. Өзімді таныстыру және міндетті нақтылай түсу үшін алдына бардым. Маршал жылы шыраймен қарсы алып, мені Майдан Әскери советінің мүшесі Н. А. Булганинмен және саяси басқарманың бастығы Д. А. Лестевпен таныстырды.

Майдан командованиясында белгілі бір пікір қалыптасқан екен: жау армияларының орталық тобы шабуыл жасай отырып, ірі-ірі танк және моторлы құрамаларды пайдалануда олар кейбір учаскелерде майдан шебін бұзып өтіпті және біздің әскерлерді Смоленск түбінде қоршап алып, жойып жіберу үшін ілгері қарай өңмеңдеп келеді. Қызыл Армияның күштері қазірдің өзінде ойсырай әлсіреді және Москва стратегиялық бағытында елеулі қарсылық көрсете алмайды, деп ойлаған гитлерлік командование бұл арадағы соңғы кедергіні бір ғана соққымен жоймақшы болған еді. Дұшпанның 2- және 3-танк топтары 9-және 2-далалық армиялардың келіп жетуін күтпей-ақ, біздің Батыс майдан әскерлерінің жолын бірнеше бағыттап кесіп тастап, олардың басты күштерін Смоленск ауданында қоршауға алып, жойып жіберуге, сөйтіп өзіне Москваға жол ашуды көздеді.

Біздің саны шамалы күштеріміздің көрсетер қарсылығы, міне, осыларға сәйкестендіріле ұйымдастырылды.

Смоленск және Витебск бағыттарындағы оперативті бірінші эшелонда генерал П. А. Курочкиннің 20-армиясы мен генерал И. С. Коневтің 19-армиясы қимыл жасауда екен.

Майдан қолбасшысының айтуына қарағанда, Курочкиннің жағдайы мейлінше ауыр екен. Оның әскерлері өздерінен адам саны көп, техникасы да әлдеқайда басым жаумен көптен бері қорғаныс соғысын жүргізіп жатқанды. 20-армияны 16-армиядан келген бөлімдер есебінен ара-тұра нығайтып отыруға мүмкін болыпты. Атап айтқанда, И. П. Алексеевконың 5-механикаландырылған корпусы да шайқасқа бөлек-салақ түрде — осындай жолмен қосылыпты.

Конев өз құрамаларын олардың жеткізілуіне қарай,